

Тауарлардың кейбір түрлерінің импортына қатысты істі қарауды бастау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 8 маусымдағы N 849 Қаулысы

"Тауарлар импорты жағдайында ішкі нарықты қорғау шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Сауда комитеті:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес тауарлар импортына қатысты істі қарауды б а с т а с ы н ;

2) істі қарау рәсімі аяқталғанға дейін заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыға қосымшаға сәйкес тауарлар импортын лицензиялауды жүзеге асырсын;

3) он күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық комитетін және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетін істі қараудың басталғаны туралы хабардар етсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 8 м а у с ы м д а ғ ы
N 8 4 9 қ а у л ы с ы н а
қосымша

Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, оларға қатысты істі қарау рәсіміне бастама жасалатын тауарлардың тізбесі

Өнімнің атауы	ҚР СЭҚ ТН бойынша коды
консервілеуге арналған өзге шыны банкалар (зарарсыздандыруға арналған банкалар)	7010901000
тауарларды сақтауға, тасымалдауға немесе қаптауға арналған, түссіз шыныдан жасалған, номиналдық сыйымдылығы 0,33 л-ден астам, бірақ 1 л-ден аспайтын өзге де бөтелкелер	7010904300
тез аштын ашытқылар	210210

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК